

Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданның Ломоносов ауылдық округінде жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің қағидаларын және жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін көшелер мен ауылдар тұрғындары өкілдерінің сандық құрамын бекіту туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданының мәслихатының 2023 жылғы 11 желтоқсандағы № 11-10 шешімі

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 39-3-бабы 6-тармағына, "Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2023 жылғы 23 маусымдағы № 122 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32894 болып тіркелген) сәйкес, Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданының мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Қоса беріліп отырған Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданның Ломоносов ауылдық округінде жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің қағидалары бекітілсін.

2. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданның Ломоносов ауылдық округінде жергілікті қоғамдастықтың жиынына қатысу үшін көшелер мен ауылдар тұрғындары өкілдерінің сандық құрамы бекітілсін.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданы
мәслихатының төрағасы*

С. Баумағанбетов

Солтүстік Қазақстан облысы
Ғабит Мүсірепов атындағы
ауданы мәслихатының
2023 жылғы 11 желтоқсандағы
№ 11-10 шешімімен бекітілді

Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданның Ломоносов ауылдық округінде жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданның Ломоносов ауылдық округінде жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) "Қазақстан Республикасындағы жергілікті

мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 39-3-бабы 6-тармағына, "Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2023 жылғы 23 маусымдағы № 122 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32894 болып тіркелген) сәйкес әзірленді және Ломоносов ауылдық округі тұрғындарының жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің тәртібін белгілейді.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

- 1) бөлек жергілікті қоғамдастық жиыны – ауылдық округ тұрғындарының (жергілікті қоғамдастық мүшелерінің) жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін өкілдерді сайлауға тікелей қатысуы;
- 2) жергілікті қоғамдастық – шекараларында жергілікті өзін-өзі басқару жүзеге асырылатын, оның органдары құрылатын және жұмыс істейтін тиісті әкімшілік - аумақтық бірліктің аумағында тұратын тұрғындардың (жергілікті қоғамдастық мүшелерінің) жиынтығы.

2-тарау. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізу тәртібі

3. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынын өткізу үшін ауылдық округтің аумағы учаскелерге (ауылдар, көшелер) бөлінеді.

4. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарында жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін саны үш адамнан аспайтын өкілдер сайланады.

5. Ауылдық округтің әкімі ауылдық округ шегінде жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынын шақырады және өткізуді ұйымдастырады.

Шағын аудан немесе көше шегінде көппәтерлі үйлер болған кезде көппәтерлі үйдің бөлек жиындары жүргізілмейді.

6. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарының шақырылу уақыты, орны және талқыланатын мәселелер туралы жергілікті қоғамдастықтың халқын ауылдық округтің әкімі бұқаралық ақпарат құралдары арқылы немесе өзге де тәсілдермен өткізілетін күнге дейін күнтізбелік он күннен кешіктірмей хабардар етеді.

7. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынын ашудың алдында тиісті ауылдың, көшенің қатысып отырған тұрғындарын тіркеу жүргізіледі.

Кәмелетке толмағандардың, сот әрекетке қабілетсіз деп таныған адамдардың, сондай-ақ сот үкімі бойынша бас бостандығынан айыру орындарында ұсталатын адамдардың жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынына қатысуына жол берілмейді.

Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиыны осы ауылда, көшеде тұратын тұрғындардың (жергілікті қоғамдастық мүшелерінің) кемінде он пайызы қатысқан кезде өтті деп есептеледі.

8. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынын ауылдық округтің әкімі немесе ол уәкілеттік берген тұлға ашады.

Ауылдық округтің әкімі немесе ол уәкілеттік берген тұлға бөлек жергілікті қоғамдастық жиынының төрағасы болып табылады.

Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынында хаттама жүргізіледі, жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынының хаттамасын ресімдеу үшін ашық дауыс беру арқылы хатшы сайланады.

9. Жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін көшелер мен ауылдар тұрғындары өкілдерінің кандидатураларын Ғабит Мүсірепов атындағы ауданның мәслихаты бекіткен сандық құрамға сәйкес жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынының қатысушылары ұсынады.

10. Дауыс беру ашық тәсілмен әрбір кандидатура бойынша дербес жүргізіледі. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынына қатысушылардың ең көп дауысын жинаған кандидаттар сайланды деп есептеледі.

Егер жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынында дауыс беру кезінде қатысушылардың дауыстары тең бөлінген жағдайда, бөлек жиынның төрағасы шешуші дауыс құқығын пайдаланады.

11. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынының хаттамасына төраға мен хатшы қол қояды және бөлек жиын өткізілген күннен бастап екі жұмыс күні ішінде жиын хатшысы тіркеу үшін ауылдық округ әкімінің аппаратына береді.

Жергілікті қоғамдастық жиынында немесе жергілікті қоғамдастық жиналысында хаттама жүргізіледі, онда:

1) жергілікті қоғамдастық жиынының немесе жергілікті қоғамдастық жиналысының өткізілген күні мен орны;

2) тиісті аумақта тұратын және жергілікті қоғамдастық жиынына немесе жергілікті қоғамдастық жиналысына қатысуға құқығы бар жергілікті қоғамдастық мүшелерінің жалпы саны;

3) қатысушылардың саны және олардың тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда) көрсетілген тізім;

4) жергілікті қоғамдастық жиынының немесе жергілікті қоғамдастық жиналысының төрағасы мен хатшысының тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда);

5) күн тәртібі, сөйленген сөздердің мазмұны және қабылданған шешімдер көрсетіледі.

Солтүстік Қазақстан облысы
Ғабит Мүсірепов атындағы
ауданы мәслихатының
2023 жылғы 11 желтоқсандағы
№ 11-10 шешіміне қосымша

Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданның Ломоносов ауылдық округінде жергілікті қоғамдастықтың жиынына қатысу үшін көшелер мен ауылдар тұрғындары өкілдерінің сандық құрамы

№	Ауылдар мен көшелер атауы	Ғабит Мүсірепов атындағы ауданның Ломоносов ауылдық округінде жергілікті қоғамдастықтың жиынына қатысу үшін көшелер мен ауылдар тұрғындары өкілдерінің саны (адам)
1	Ломоносов ауылы, Набережная көшесінің тұрғындары үшін	1
2	Ломоносов ауылы, Винницкая көшесінің тұрғындары үшін	1
3	Ломоносов ауылы, Гагарин көшесінің тұрғындары үшін	1
4	Ломоносов ауылы, Целинная көшесінің тұрғындары үшін	1
5	Ломоносов ауылы, Ленин көшесінің тұрғындары үшін	1
6	Ломоносов ауылы, Пионерская көшесінің тұрғындары үшін	2
7	Ломоносов ауылы, Ломоносовская көшесінің тұрғындары үшін	2
8	Ломоносов ауылы, Комсомольская көшесінің тұрғындары үшін	1
9	Ломоносов ауылы, Больничная көшесінің тұрғындары үшін	1
10	Ломоносов ауылы, Рузаев көшесінің тұрғындары үшін	1
11	Ломоносов ауылы, Заводская көшесінің тұрғындары үшін	1
12	Ломоносов ауылы, Приишимская көшесінің тұрғындары үшін	1
13	Ломоносов ауылы, Спортивный тұйық көшесінің тұрғындары үшін	1
14	Ставрополка ауылы, Крупская көшесінің тұрғындары үшін	4
15	Ставрополка ауылы, Коморов көшесінің тұрғындары үшін	4
16	Ставрополка ауылы, 20-лет Целины көшесінің тұрғындары үшін	1
17	Ставрополка ауылы, Молодежная көшесінің тұрғындары үшін	1
18	Ставрополка ауылы, Школьная көшесінің тұрғындары үшін	1
19	Ставрополка ауылы, Зерновая көшесінің тұрғындары үшін	1

20	Ставрополка ауылы, Пролетарский тұйық көшесінің тұрғындары үшін	1
21	Ставрополка ауылы, Ленинград тұйық көшесінің тұрғындары үшін	1
22	Урожайное ауылы, Ленин көшесінің тұрғындары үшін	1
23	Урожайное ауылы, Новоселов көшесінің тұрғындары үшін	2
24	Урожайное ауылы, Комсомольская көшесінің тұрғындары үшін	2
25	Урожайное ауылы, Киров көшесінің тұрғындары үшін	1
26	Урожайное ауылы, Украинская көшесінің тұрғындары үшін	1
27	Урожайное ауылы, Целинная көшесінің тұрғындары үшін	1
28	Урожайное ауылы, Степная көшесінің тұрғындары үшін	1
29	Урожайное ауылы, Юбилейная көшесінің тұрғындары үшін	1
30	Урожайное ауылы, Ковыльная көшесінің тұрғындары үшін	1
31	Урожайное ауылының, Набережная көшесінің тұрғындары үшін	1
32	Степное ауылы, 1 Май көшесінің тұрғындары үшін	1
33	Степное ауылы, 7 қараша көшесінің тұрғындары үшін	1
34	Степное ауылы, 1 Дружбы көшесінің тұрғындары үшін	1
35	Степное ауылы, Полевая көшесінің тұрғындары үшін	1
36	Степное ауылы, Станционная көшесінің тұрғындары үшін	1